

УДК 338.2

Абдильдина Хорлан Садуакасовна

философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

Кульжанова Жулдизай Тимеркановна

философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
e-mail: zhuldizay_68@mail.ru

ПРАГМАТИЗМ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТІ

Бәсекеге қабілетті тұлға – өзінің психологиялық саулығына зиян келтірмей және рухани тұрақтылығын сақтай отырып, өмірдің, экономиканың қиын жағдайына бейімделе алатын, қоғамда жоғары мәртебе алу үшін күресе алатын, жүйелі түрде жаңа білімдермен, дағдылар мен біліктермен сусындап отыратын адам. Қазіргі таңда, жастардың бойында прагматикалық құндылықтар мен бәсекеге қабілеттілік қасиет ерекше маңызға ие болып отыр.

Еліміздің саяси реформа мен экономикалық жаңғыру үдерісіне бастау алуында жастардың маңызы ерекше. Сол себепті, жастардың өмірлік ұстанымдарын, құндылықтарын және еңбекке деген көзқарастарын зерттеу, сол арқылы өскелең ұрпақтың таным әлемін зерделеу зерттеуіміздің мақсаты болып табылады.

Осыған орай мақалада, жастардың жоғарыдағы құндылықтарды қалай бағалайтындығы және көзқарастары туралы жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулердің талдаулары сарапталған. Жастар мен аға буын арасындағы құндылықты көзқарастардың өзгеріске ұшырауы, мақалада дәлелді көрсетілген.

Түйін сөздер: прагматизм, бәсекеге қабілет, жастар, еңбек, өмірлік ұстанымдар, жауапкершілік, үнемілдік, болашақты жоспарлау, ұтымдылық

Конкурентоспособный человек – это человек, который способен приспосабливаться к трудной экономической ситуации, избегать потери своего психологического благополучия и сохранять высокий авторитет в обществе, а также систематически приобретать новые знания и навыки.

Молодежь играет важную роль в политических реформах и экономических потрясениях в стране. Поэтому целью нашего исследования является изучение ценностей жизни, ценностей и установок молодых людей, таким образом, изучая мир познания молодого поколения.

Объект исследования, проведенного по специальной социологической анкете (формализованное интервью), включал две группы: основную, собственно молодежь в возрасте от 17 до 26 лет включительно (всего опрошено 1796 человека) и контрольную, представляющую старшее поколение в возрасте от 40 до 60 лет (всего опрошено 655 человека).

Принятый интервал между возрастными группами обоснован задачами исследования, и прежде всего – необходимостью выявить характер и особенности воздействия на изменение интересов, жизненных планов и ценностных ориентаций поколений «детей» и «отцов» не только возрастных, но и социальных (институциональных) условий и факторов, действующих в современном казахстанском обществе.

В статье «Прагматизм и конкурентоспособная молодежь» анализируются социологические исследования о том, как молодые люди оценивают свои возможности и ценности жизни, при которых они смогут реализовать себя в будущем.

Ключевые слова: прагматизм, конкурентоспособность, молодежь, труд, жизненная позиция, ответственность, экономность, планирование, выгодность

A competitive person is a person who can adapt to a difficult economic situation, avoid losing his psychological well-being and maintain high authority in society, as well as systematically acquire new knowledge and skills.

Young people play an important role in political reforms and economic shocks in the country. Therefore, the aim of our study is to study the values of life, values and attitudes of young people, thus studying the world of knowledge of the young generation.

The object of the study, conducted according to a special sociological questionnaire (formalized interview), included two groups: the main, actually young people from 17 to 26 years old inclusive (1796 people were interviewed in total) and the control, representing the older generation from 40 to 60 years old (total 655 people were interviewed).

The accepted interval between age groups is justified by the objectives of the study, and above all - the need to identify the nature and characteristics of the impact on changing interests, life plans and value orientations of generations of «children» and «fathers» of not only age, but also social (institutional) conditions and factors, operating in modern Kazakhstani society.

The article «Pragmatism and Competitive Youth» analyzes sociological research on how young people evaluate their capabilities and life values, in which they can realize themselves in the future.

Keywords: pragmatism, competitiveness, youth, work, life position, responsibility, economy, planning, profitability

Кіріспе

Қоғамда интеллектуалдық ой еңбекпен, нақты, сапалы іс-әрекетпен өрістес болу үшін ұрпақ болмысы прагматикалық құндылықтармен сусындаған және бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Елдің тұрмыс тіршілігімен тыныс алып, өмірімен етене байланысып өскен ұрпақ елі үшін жауапкершілікті мойнына ала алады.

Дәуір бетбұрысы кезінде жастар мен аға буынға қатысты әлеуметтанулық зерттеулердің мәліметтерін келтіре отырып, жастардың бойындағы прагматизм мен бәсекеге қабілет сынды құндылықтарға баға беруге болады. Себебі, ХХІ ғасыр үшін осы екі катеориядан туындайтын құндылықтар жүйесі таптырмас қабілеттер. «Прагматизм - ысырапшылдыққа, менмендікке, өмірді көрсетуге қарсы. Қазіргі қоғам мәдениеті - байсалдылық, байлық мәдениеті, сән-салтанат емес, бұл ұтымдылық мәдениеті» [1].

Жастардың бәсекеге қабілет мәселесі бірнеше ресейлік ғылымдармен қарастырылған. Олардың ішінде Голикова және т.б. [2], Осипова [3], Селиванова [4], Банников және т.б. [5]. Олардың тәжірибесі осы мақалада пайдаланды.

Сондықтан, қазіргі жағдайда жастардың өзін сезіну, өзгеру және нені мақсат етуі зерттеуіміздің арқауы болып отыр.

Зерттеу әдістемесі және материалдары

Мақаланың әдіснамалық негізі жалпылық пен жалқылықтың өзара байланысының және сонымен бірге объектілерді жүйе ретінде сараптау кезінде жалпылық жағдайдағы бөліктердің өзара байланыстарының диалектикалық принципіне негізделген жүйелік-құрылымды әдістер бағыт болып табылады. Бұл бағыт өз шеңберіне элементарлық және сыртқы жүйелік қарым-қатынастарға қатысты оларды сандық және сапалық көрсеткіштермен бағалайтын әдістер мен тәсілдерді және теориялық үлгілерді біріктіреді. Коршунов А. М. жазғандай, «қоғамда кез-келген оқиғалар қандай-да бір мағынада болады, кез-келген құбылыс қандай да бір рөл атқарады, бірақ олардың тек кейбіреулері - оң мәні бар» [6, 112 б.]. Осыған байланысты ол құндылықтың анықтамасын береді. «Құндылықтың бәрі маңызды емес, бірақ қоғам дамуында оң рөл атқаратын фактор: ол ақырында әлеуметтік прогреске байланысты» [6, 112 б.].

Нәтижесінде жүйелік бағыт объектінің тұтастығын талқылауға бағытталған, оның ішкі сан алуан байланыстарын көрсетуге және оларды бір тұтас теориялық көрініске

айналдырады. Деректер мен әлеуметтанулық зерттеулер мәліметтерін жинақтау мен талдау барысында және әдебиеттерге дерекнамалық анализ жасаған кезде жіктеу, салыстыру, статистикалық, дедуктивті және т.б. әдістер қолданылды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

«Қанымызғы сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес» деп, Елбасы айтқандай қазіргі заманауи құндылықтардың өзектілігін жіті зерттеп қабылдауымыз қажет.

Қазақ өмір салтындағы прагматизмнің белгілері, дәл сол атаумен белгіленбесе де, алайда идеялық бірлестігін аңғаруға болады: туған жерге жауапкершілік, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық және үнемшілдік пен орынды пайдалану.

Ал бәсекелік қабілетке келетін болсақ, «Бәсекелік – тіршілік ету үшін күрестің бір түрі» деп зерттеуші И.И. Шмальгаузен атап кеткендей, бәсекелік қабілет дегеніміз –баға, яғни ол тұлғаның өзіндік бағасы және ұлттық бағасы болып табылады.

Ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. «Кез келген қоғамдық бірлестік өзіндік санасымен айқындалады, сондықтан өзіндік сананың компоненті ретінде өзіндік сипат туындайды.» [7, с. 6]

Бәсеке деген не? Қазақ дүниетанымында, сөздіктерде «бәсеке» ұғымы тек талас, жарыс деген мағынада түсіндіріп келген болса, қазіргі кезде бұлай қабылдау, бәсекеге қабілеттіліктің мағынасын кемітіп тастайды. Себебі таласу, жарысу ол бақталастық, көреалмаушылық қағидаларына ұласып кетуі әбден мүмкін.

Кеңес үкіметі тұсындағы «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі көбіне, өндіріс пен тауар өндіруге байланысты қолданылған.

Жалпы тәсекеліктің екі бөлігін көрсетуге болады:

1. Өмір стандарттарын қолдау және үнемі дамытып отыру;
2. Әлемдік экономикада лидердік позицияны сақтай алу.

Бәсекеге қабілетті тұлға - позитивті, ішкі психоэнергетикалық үйлесімділікте бола отырып, жаңа қарым-қатынастарға, ғылыми-техникалық жетістікке, жаңа қоғамдық жағдайларға тез, әрі қиындықсыз бейімделе алатын адам. Батыс Еуропа халықтарының құндылық санасында эмпирикалық нәтижелер негізінде құндылықты көрсетудің екі иерархиясы бар - «материалистік» және

«постмосталлистік». Сонымен қатар, бірінші құндылықтар аға буындарға, екіншісі - жас ұрпаққа көбірек тән [8, 122 б.] [9].

Бәсекеліктің көрінісі, оның іс-әрекет ету ортасына (профессионализм, ескі және жаңа сипаты, өзгеріссіз қалатын сүйікті ісі), қарым-қатынас ортасына (кез келген ортадағы тұлғалық мәртебесі) және тұлғашілік орта немесе өзіндік санаға қатысты қалыптасады (психологиялық және рухани жағдайы).

Осы сенімнің түп-төркіні неде? Ең бастысы, қалыптасуы әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, саяси тұрақсыздық жылдарына келген ұрпаққа қарағанда қазіргі жастардың өмірі мүлдем өзге әлеуметтік жағдайда өтіп жатыр. Соңғы 6-7 жыл бойына еліміздің экономикасы қарыштап дамуда, тұрғындар табысы өсуде; зерттеулер көрсетіп отырғандай экономикалық өсімнің жемісін негізінен жастар тұтынады.

Кәсіптік мансап «бастауының» қаржылай деңгейін алдыңғы ұрпақ және аға буын өкілдерімен салыстырғанда өте жоғары деп бағалаған. Қазіргі жастар өкілінің әр бесіншісі тұрмысының жоғары екенінен хабар берген (ал аға буын тобындағы көрсеткіш 15% тең).

10 жыл бұрын да, қазіргі уақытта да жастар үшін өмірдегі негізгі ұстанымдары жақсы білім алу екені байқалады. 17-26 жас арасындағы қазақстандық (өздері берген бағаға сүйенсек) (34%) білім алған, ал 51% білім аламыз деп жоспарлауда. Сапалы білім алуға қол жеткізе алмайтынын жастардың 11% көрсеткен.

Қазіргі жастар жұмыс таңдауда ең бастысы оның қызықты әрі тартымды болғанын қалайды. Жастардың 90% қызықты жұмысқа орналақсаны, не болмаса орналасуға күш-жігерінің жетітетіні туралы пікір білдірген. Беделді жұмысқа орналасуды аса қажет етпейтіндері байқалды: сауалға қатысқанның 20% сол жұмысты істеп жүргенін, 65% ол жұмысқа қол жеткізе алатындығын көрсеткен. Жастардың шағын бөлігі мансап жасау қажеттілігін таңдаған. Дәстүрлі, модернистік және постмодерндік құндылықтар жүйелерін салыстыра отырып, көптеген әлеуметтанушылар, ең алдымен, әлеуметтік ұтқырлыққа деген көзқарастарындағы айырмашылықтарды атап көрсетеді [6, с. 316] [10] [11].

Жастар арасында жұмысқа табысқа жеткенді өз бизнесін ашқысы келетіндер санына қарағанда аз екендігін атап өту керек. Алайда қазіргі 10% жастардың өз бизнесі бар, 34% қолымыздан келмейді, бизнеске қарағанда

қызықты және беделді жұмыстың болғаны жақсы деген пікірді қолдаушылар. Алайда айта кетеріміз: жұмысқа деген көзқарас соңғы 5 жылда біршама өзгерді. Беделді жұмысты да, өз бизнесін құруды да тілейтіндер саны өсіп келеді. Қазіргі кезде жастар мен аға буынды салыстыратын болсақ, жастар көбінесе жақсы білім, беделді жұмыс, мансапқа жету, өз бизнесін ашуды тілейтінін атап өту керек

Қазіргі жастар үшін ерекше құнды нәрсе – сүйікті жұмыспен айналысу мүмкіндігі. Шамамен бәрі дерлік алдына қойған мақсатқа жеткісі келмеді, ол көрсеткіш – 98% құрайды, алайда олардың 11% аталмыш тілекке қолының жететіндігіне күмәнмен қарайды. Қазіргі жастар өз өзіне еге болғанды өте жоғары сатыға қояды (92%), әлемнің түрлі еліне саяхаттауды/болуды (93%), бос уақытының көп болғанын және оны жеке басының лаззатына жұмсаулы (83%) қалайды. Алайда жастардың басым бөлігі бұл мақсатқа жетудің мүмкіндігі еш жоғын айтады). 1997 жылмен салыстырғанда жастар өз жеке басы тілек мақсатына байланысты еркін өмір сүруге талпынатыны байқалады. Қазір жастардың негізгі өмірлік құндылықтары - бұл отбасы, достар және денсаулық, содан кейін: қызықты жұмыс, ақша және әділеттілік (соңғы құндылық қазіргі уақытта өсіп келеді). Діни сенімнің жеті негізгі құндылығын жабады [12, с. 37] [13] [14].

Жастардың мансап, атакқұмарлық талпыныстарына тоқталар болсақ, билік пен атақтан гөрі оларды ақша мейлінше көп қызықтырады. Сонымен бірге байлықтың өзі 17-24 жас аралығындағы жастар үшін 1997 жылы да, 2014 жылы да маңызды болмағаны байқалады. Белгілі болуға тырысу 20 жыл бұрғынғы жастарға (26%) қарағанда қазіргі жастар (37%) үшін мейлінше өзекті болып отыр

Осы орайда айта кетеріміз аталмыз атак құмарлық аға буынға қарағанда жастарда басымырақ. Байлық, билік және әйгілі болу гипотетикалық тұрғыда оларды сәйкесінше 11%, 21% және 17% молырақ қызықтырады.

Осылайша, қазіргі жастар аға буынға қарағанда жалпы өмірлік түрлі жетістікке қол жеткізуге тынысатыны анықталды. Осы орайда жастар тек осы мақсатқа жету тек гипотетикалық тұрғыда ғана емес, сол мансапқа қол жеткізуге мүмкіндіктің мейлінше мол екенін айтады.

Қазіргі жастарды өмірлік ұстанымдарына қарай жалпы бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады, осы зерттеуде факторлық сараптауды қолдана отырып жан-жақты талдау жасалды.

Аталмыш типология мейлінше шартты дүние, әрине, сонымен бірге біз бөліп көрсеткен типтердің бірде біріне қосылмаған жастар тобы да жектілікті екені анықталды, себебі олар бірнеше типтің қоспасы, қандай да бір синтезі ретінде қабылданып отыр.

Алғашқы топты шартты түрде «отбасылық» (13%) деп атадық. Бұл топқа жататын жастар тұрақты әрі берік отбасын құру, тәрбиелі ұрпақ өсіруді ең басты мақсаты деп санап, соған қол жеткізе алатындарын білдірді. Осы орайда айта кететін бәр жәйт, жоғарыда атап өткеніміздей, қазақстандықтардың басым көпшілігі отбасын құру, бала сүю, тәрбиелеуді басты мақсаттың бірінен санайтынын айтқанбыз, сондықтан бұл категорияға қол жететін уәж тек осы жолға ғана бағытталған жастарды енгіздік. Тату-тәтті отбасын құру және тәрбиелі ұрпақ өсірумен қатар басқа да саланы таңдаған жастарды бұл топқа енгізген жоқпыз.

«Еңбекқорлар» (17%) – жақсы білім алу, беделді әрі қызықты жұмысқа орналасу, сүйікті жұмыспен айналысу қолымнан келеді деген сенім білдірген жастар бөлігі. Алдыңғы топтағы жастар секілді жастардың бұл тобының басым көпшілігі де өмірдің басты жетістігіне қол жеткізуге тырысқандар.

Үшінші топ, «іскер-ісмерлер» (20%), – 17-26 жас арасындағы, өз бизнесін ашу, әлемді шарлау, аралау, байлық пен материалдық жетістікке қол жеткіземін деген сенімі мол қазақстандықтар.

Төртінші топ – «гедонистер» (10%), ең бастысы бос уақытының көп болып, оны өз еркіне әрі ләззатына сай қолданамын деген сенімі бар жас қазақстандықтар. Жастардың басым көпшілігі кез келген салада жетістікке жетеміз деген сенімдегі (19%) «максималистер» екенін айта кету керек. Аталмыш топты басқа топтармен салыстырғанда соншалықты жас деп те айта алмаймыз, сондықтан бұл талпынысты өскелеңдік максимализм деу де қиын. Жас бойынша ішкі бөлінісі жалпы барлық жасқа тән екені байқалады. «Мансапқорлар» тобы да бар (6%): өз еркінше ләззат алып өмір сүрудің мақсат етпейтін, алайда өмірдің түрлі саласында өз күшін молынан қолдана алатындығына сенім білдірген жастар. Олар бір қарағанда «іскер-ісмерлермен» ұқсас десек те болады. Соңғылар үшін бизнес – жұмыс және бай-бақуатты өмір сүрудің жолы болса, алғашқылар үшін атақ құмарлық жоспары, яғни: әйгілі болу, билік-мансап қуу және т.б. жүзеге асыру мүмкіндігі болмақ.

«Үмітін үзген» жастар (5%) – жетінші топ – қандай да жетістікке жетудің еш жолын таба алмай жүргендер, ал «данққұмарлар» (1%) – сегізінші топ – әйгілілік, масапқа жету және билікке бір табан жақын болуды аңсайтындар. Соңғы екі топтың таралуы тым аз болғандықтан олар әрі қарай сарапталмайды).

Бүгінгі күні тұрып жатқан жағдайдың жастардың талпынысының қалыптасуына әсерінен болғаны түсінікті. «Еңбекқор» мен «іскер-ісмердің» басым бөлігі мегаполисте (сәйкесінше 22% және 20%) орналасқан. Ауылдық жерде көбінесе «гедонистер» (21%) өмір сүретіні анықталды. Мегаполис «еңбекқорларды» қызықтыратын қызықты әрі беделді жұмыс пен «кәсіпкерлер» үшін бизнесті жүргізуге мол мүмкіндік беретіні түсінікті. Ауыл жастарының мүмкіндігін жүзеге асыру тым шектеулі болғандықтан, олардың бар ниетіне су құйылып «геоденистік» көңіл-күй қалыптасатыны түсінікті.

Осылайша бөлінуі тегін емес. «Еңбекқор» мен «максималистер» өзгелерден жиі жоғары білімді маман қызметін атқарады (сәйкесінше 34% және 26%), бұл оларды орташа деңгейдегі табыскер қатарына орналастырады. Бұл түсінікті де, себебі жоғары білімді жас маман жас ерекшелігіне орай жоғары табыс әкелетін лауазымға қол жеткізе алмады. «Іскер-ісмер» мен «мансапқорлардың» көп жағдайда өз бизнесі бар (23% және 22%), бұл оларға орташадан жоғары табыс көзін береді. «Отбасы» және «гедонистер» жалақылары мамандардан төмен жұмысшылар тобына жатады (сәйкесінше 45% және 36%).

Еңбек ету қызметінің түрін таңдауға жастардың білімі де әсер еткен. «Мансапқорлардың» басым көпшілігінің білімі жоғары (61%), отбасын құруды ғана мақсат еткен жастардың 41% өкілі тек жалпы орта білімді азаматтар.

Жастардың көбі тәуекелшіл: олардың 51% жетістікке жету үшін тәуекелге бел буу керектігін алға тартады, ал «әкелер» өкілінің басым көпшілігі (63%) өз мансабыңа біртіндеп жету керек, жұмысыңды берік етіп асықпай құрған дұрыс деп санайды.

Сонымен бірге жастардың біразы (60%) «көптің бірі болмай» ерекшелену керек, көзге түсу керек, жеке көзқарасты дара болу керек деп есептейді. Осы орайда айта кетеріміз, жас қазақстандықтардың арасында соңғы 5 жыл ішінде жеке бастың қамы, жетістік, табыс пен бәсекеге қабілеттілік секілді заманауи

құндылыққа бағытталу ерекше қарқын алып отыр.

Жастардың аға буынмен аздап болсын ұқсас көзқарасы тек еркіндікке қатысты ғана байқалады. Аға буын да, жастар да еркіндік – өмірдің бар мәнін келтіреді деген пікірде ортақ көзқарас танытып отыр (66% және 55%). Алайда, тағы да айта кетер мәселе, 2004 жылдан бастап еркіндікке қатысты жастардың көзқарасы аздап өзгерген, бұрын жастар үшін еркіндік өмірге қажетті компонент ретінде 71%-дықұраса, ал қазір бұл көрсеткіш төмендеген, яғни тек 66%-ды құрайды.

Осылайша, қарап отырсақ, қазақстандық жастар жеткілікті деңгейде іскер екені анықталды. Олар материалдық табыс, жұмысты бағалайды, әр уақыт тек өзіне сенуге тырысады. Осы кезде жас қазақстандықтарды алаңдатыны не?

Біздің зерттеу кезінде анықталған мейлінше анық тенденция – ол беделді мамандық аясының мейлінше кеңеюі. 2004 жылы 89% жастардың арасында мейлінше беделді мамандық ретінде заңтану мен қаржы саласының мамандықтары болатын болса, араға он жыл салып бұл мамандықты мәртебелі деп санайтындардың саны азайған, яғни 63%-ды құрап отыр. Қазіргі кезде беделді мамандық қатарынан менеджер, ғалым, программистер табылып отыр.

Осылайша, жастардың бойында беделділік деген түсініктің өзгергені туралы айтсақ болады. Өткен онжылдықта мамандық беделдігі жоғары табыс табу мүмкіндігі деп түсінілсе, бүгінгі таңда бедел деген «кәсіпкерлік» және «билік» деген сөздермен байланыста түсініледі. Мемлекеттік билік саласындағы жұмысты беделді жұмыс қатарына қосқандардың саны осы оны жыл ішінде 10%-дан 17%-ға дейін өскен. Ал кез келген басқарушы қызметке отырғысы келетіндер саны осы онжылдық ішінде 10%-дан 6%-ға дейін кеміген. Осымен, мемлекет мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің абыройын көтере алды деп айта аламыз, сондықтан жас мамандарды мемлекеттік басқару және муниципалетке тарту мүмкіндігі туындайтын кез келген сыңайлы.

Жастардың үштен бір бөлігінің көзқарасына сүйенсек (29%) қаржы саласындағы мамандықтар мейлінше мол табыс табады деп көрсеткен, 25% кәсіпкерлерді жақтап жазған. Сауалға қатысқан жастардың 18% табысты мамандықтар санатына адвокат, заңгер, прокурор, нотариусты жатқызса, тағы да 11% биліктің мемлекеттік ұйымдарындағы

мамандар мейлінше мол табыкер деп есептейді. Сонымен бірге өздері мәртебелі мамандық деп атап көрсеткен мамандықтарды, яғни мәдениет, спорт, өнер, шоу-бизнес мамандарын жастардың тек 6%, ал программистерді тек 5% табысты деп есептейді. Бір қызығы, осыдан он жыл бұрын жасалған сауалнамада жастар қаржыгер, заңгер және кәсіпкер бәрінен де табысы мол мамандық деген көзқарасты басым көпшілігі қолдаған болатын. Медицина саласының қызметкерлері табысты мамандықтар қатарынан орын алдып отыр. Осы көзқарасты ұстанып отырған жастардың басым көпшілігі облыс орталығы мен ауылдық жер өкілдері, пікірлеріне жүгінсек, сол жерлерде медицина қызметкерінің табысы жоғары секілді.

Жұмысты таңдауға берілген үш көрсеткіш ішінде мәртебелілігі мен беделдігін жастардың тек 13% көрсетті, бұл көрсеткіш 1997 жастар арасында 15%-ға тең болатын. Жұмыс қанағаттандыру үшін жастар өкілі жұмысқа қандай талаптар қояды?

Сонымен бірге, жұмыспен өзінің өмірлік мақсатын еш байланыстырмайтын жастар да табылды: олардың 13% жұмыс (демалыс, отбасы, оқу) секілді басқа да жұмысқа уақыт қалдырса деген тілекті. Басым көпшілігінің білім деңгейі төмен жастардың тағы да 6% жұмыстың тым қиын болмағаны, шаршатпағанын қалайды. Бұндай көзқарас көбінесе ауылдық мекендегі жастарға (12%)тән.

Жастар мен аға буын арасындағы жұмысқа қоятын талаптар арасындағы екінші айқын айырмашылық еңбек ету жағдайына қатысты болып отыр. Ересектер үшін жұмыс орнының дұрыс жабдықталуы өте маңызды саналады – аға буынның 42% жақсы жұмыстың үш қасиеті ішінен осы талапты жоғары қойған, ал жастар болса осы мәселеге аса мән бермейтіні байқалады, олардың 29%-ы үшін ғана бұл маңызды болып шықты. Жастар үшін де, аға буын үшін де соңғы онжылдық ішінде маңызды болып отырған осы фактор ғана, себебі 2004 жылы жастардың 21% мен аға буынның 28% еңбек етудің осы факторын жұмыс орнында маңызды деп баға берген болатын.

Қажетті жұмысқа жету үшін қандай бәсекелестік артықшылық болуы керек?

Жастар мен аға буынның көзқарасын сараптау көрсетіп отырғандай, қызметкердің түрлі сапасының құндылығы өзгеруіне жастар өте сақ екен. Осылайша соңғы он жылда жастар кәсіпкерлер бойынан табылатын қандай да бір дағды мен біліктіліктің жақсы

жұмыс алу үшін мейлінше қажет екендігін қарастыра бастағаны байқалады. Басқаша айтсақ, жастар тоқсманыншы жылдың соңы мен бүгінгі күннің сұранысындағы үлкен адами капиталы және жоғары кәсіпкерлік құзыреті бар қызмет жағына қарай атуықтығына жедел ден қояды екен, жедел әрекет жасайды. Қарап отырсақ, сонау 2004 жылдың өзінде жақсы жұмыс табудың бірден-бір жолы біліктіліктің жоғары, білімді болуы керек деген қағиданы ұстанған болатын, ол көрсеткіш 62%-дықұрады (ересек адамдар қатарында осы көзқарасты ұстанғандардың саны 53% болған болатын). Сонымен бірге ересектер мамандықтың мейлінше сұранысқа ие болғанын маңызды фактор деп санаған.

Қазақстандық қазіргі жастар жұмысымен байланысты мәселе бірнеше себепке байланысты өте маңызды деп есептеледі. Ең бастысы негізгі жұмыс орнындағы жалақы негізі табыс көзі деп есептеледі, және сондықтан да, жұмыс материалдық табысты да, жастар өмірінің деңгейін көп жағдайда анықтайды. Тұрғындардың жас өкілдері жұмыс жасайтын жұмыс орындары, яғни мансап жолының басы мен мансапқа көтерілу кезіндегі жағдай өмірлік мүмкіндігі мен болашақтағы жетістігін анықтайды. Сонымен қатар, бүгінгі күні жастардың істеп жатқан жұмысы біраз уақыттан соң қазақстан экономикасынан жалпы хабар береді – ұрпақ ауысуына қарай, жұмыс орнына қарай бөліну моделі де өзгеруі мүмкін.

Бүгінгі таңда қазіргі қазақстандық жастар кім болып және қалай жұмыс жасайды? Ең бастысы, жас қазақстандықтардың әлеуметтік-кәсіпкерлік статусына жүгінеміз де, осы бағытта қазақстандық жастар аға буыннан өзгешелене ме екенін қарастырамыз.

Айта кететін бір жәйт, мемлекеттік мекемеде жұмыс жасайтын жастар жеке сектордағы жастарға қарағанда өз мамандықтарымен жұмыс жасайтыны байқалады – мемлекеттік кәсіпорында жұмыс істейтін жұмысшылардың 70% дипломда көрсетілген мамандығы жұмысына сай келетіні, ал жеке кәсіпкерлікпен айналысатындардың тек жартысының мамандығы сай екені анықталды.

Жас қазақстандықтар жасы ұлғайған сайын алынған біліміне сай жұмыс жасауында не өзгерген?

Алынған деректерден көретініміз, алған мамандығымен жұмыс жасаушылардың да, өкінішке орай мамандықты ауыстыруға тура келген қазақстандықтардың да үлесі арта түскені байқалады. Аға буын өкілдерінің

арасында мамандықты ауыстыруларына тура келгендер саны жастарға қарағанда мейлінше жоғары болды, алайда өз мамандығы бойынша ешқашан жұмыс істемегендер саны ересектерге қарағанда жастарда көп екені анықталды. Сонымен бірге, тағы да айтарымыз, 10 жыл бұрынғы көрсеткішке қарағанда мамандығын ауыстыруға тура келгендер саны әжептәуір аз екені байқалады, бұл жас қазақстандықтардың алған білімі мен болашақ мамандығының арасындағы сәйкессіздіктің азайып келе жатқанын көрсетпек.

Осындай айырмашылық елді мекеніне байланысты да байқалады. Мегаполис жастарының алған мамандықтары бойынша жұмыс жасау көрсеткіші әлдеқайда жоғары (61%), ауылдық жердегі жастар (49%), ауылдық жердегі жастардың көрсеткіші (26%). Жас қазақстандықтар арасында мамандығын жиі ауыстыруға тура келгендердің көбі облыс орталығынан екенін анықталды (көрсеткіш 12%, ауылдағылар 4% және мегаполистегілер 6%), облыс орталық жастары арасында басқа екі топқа қарағанда өз мамандығымен еш жұмыс істемегендер де көп (23%, ал ауыл мен мегаполисте 15%). Ауылдық мекендегі жастардың жартысы мүлдем жұмыс істемейді. Осы топта 24-26 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздар саны да жоғары, 23%-ды құрайды. 24 жасқа жетпегендер арасындағы жұмыссыздардың саны жартысынан асады.

Сонымен қатар, жұмыстағы жетістіктің дәрежесі білім деңгейімен тығыз байланыста екені анықталды. Бес позиция бойынша да жақсы жетістікке жеткендердің саны жоғары білімі барлардың үлесіне тиесілі болды. Осылайша, жұмыс жасау, мансап қуу, еңбек нарығында өз жұмысына қанағаттануға әсер етуші маңызды фактор білім екені анықталды.

Жұмыстың қызықтылығы туралы пікір білдірген кезде де осы топтың өкілдері жағымды жауап қайтарған болатын – жақсы әрі қызықты жұмысқа қол жеткізгендердің саны кәсіпкерлердің 50%, жоғары білімді мамандардың 47%, төменгі, орта және жоғары деңгей басшыларының 37% үлесіне тиіп отыр.

Жұмыстарын қызықты деп санайтындардың тек жартысы ғана жұмысты өте беделді әрі мәртебелі деп санайды. Бір қарағанда бұл тыс аз көрсеткіш те емес, себебі 26 жастағы әр қазақстандықтың бесеуі мәртебелі жұмысқа қол жеткіздім дей алады. Мәртебелі жұмысқа қол жеткізгендердің қатарынан біз тағы да кәсіпкерлер (41%), басшылар (33%) және

жоғары білімді мамандар (30%) әлеуметтік кәсіпкерлік топ өкілдерін жиі кездестіреміз. Жас кәсіпкер мен басшылар мансапқа жеттік деген пікірді жиі айтады, алайда осы жетістікке қол жеткізгендер саны осы топтардың өзінде де тек 9% құрайды. «Жұмысқа орналасу мәселесін шешу үшін әлеуметтік қорды пайдалану мүмкіндігі бар адам мүмкіндігі жоқ адамға қарағанда жиі қорқатынын атап өтуге болады» [15, 228 б.].

Әлеуметтік кәсіптік мәртебесіне келетін болсақ, техникум, училище және колледж түлектері (36%), ЖОО студенттері (34%), сонымен бірге қазіргі уақытта не жұмыс жасамайтын не оқымайтын (37%) жас қазақстандықтар мемлекеттік билік ұйымында жұмыс жасағылары келетіндігін білдірген. Осылайша, қазіргі кезде еш жұмысы жоқтардың басым көпшілігі билік ұйымында жұмыс істегілері келеді екен. Жұмыс істеп жүргендер мемлекеттік билік ұйымында жұмыс істеуге құлық білдіре қоймады – жұмысы бар жастардың тек 26% осы жұмысқа тұрғысы келетінін білдірді. Осылайша, жұмыс

тәжірибесі жоқ, мүлдем жұмыс істемегендер арасында билік ұйымына деген қызығушылық басым да, ал жұмысы барлар арасында осы мамандыққа деген сұраныс төмендеу екенін айта кетеміз.

Мәліметтерді талқылау және қорытынды

Прагматизм мен дәйектіліктің арқасында Қазақстан халқы сол қиын жылдарда төтенше жағдайлардан құтылды. Біз посткеңестік кеңістіктегі көптеген басқа мемлекеттердің тұрғындары өткен қоғамның қасіретінен, ішкі қастығынан және бөлінуінен құтылды. Бүгін біздің қоғамымыздың рухани дамуындағы жаңа кезең. Әрі қарай жаңғырту, Н.Назарбаев атап өткендей, қазақстандықтардың заманауи құндылықтарға ашықтығы мен қабылдауымен, сондай-ақ жаңа құндылықтарды халқымыздың сан ғасырлық дәстүрлерімен, рухани және мәдени кодтарымен нәтижелі синтездеумен ғана мүмкін болады. Мұның бәріне тек ағартылған прагматизм қағидаттары негізінде қол жеткізуге болады. Реализм мен прагматизм - бұл алдағы онжылдықтардың ұраны [1].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. А., «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» [Электрон. ресурс]. – 12 апреля 2017. – URL: https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya (дата обращения: 24.11.2019)
2. Голикова С. В., Горева О. М., Гурьянова И. В., Кабахидзе К. Л., Козлова Н. С., Купряшкин И. В., Лепешев Д. В., Осипова Л. Б., Пустошинская О. С., Пушкина И. М., Царева Н. А., Шестак О. И., Шилова Н. Н. Гуманитарные проблемы современности: человек и общество. – Новосибирск: ООО «Центр развития научного сотрудничества», 2014. – Т. 22. – 238 б.
3. Осипова Л. Б. Ценностные ориентации школьников старшего подросткового возраста. – Тюмень: Тюменский государственный нефтегазовый университет, 2011 – 176 б.
4. Селиванова З. К. Ценностный мир российских подростков: формирование, динамика, управление (социологический аспект). – Москва: Национальный исследовательский университет «МЭИ», 2013 – 200 б.
5. Банников Л. Н., Запарий В. В., Зборовский Г. Е. Российское образование в условиях социальных трансформаций. – Екатеринбург: Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего профессионального образования Уральский федеральный университет им. первого Президента России Б. Н. Ельцина, 2009 – 696 б.
6. Сокурская Л. Г. Студенчество на пути к другому обществу: ценностный дискурс перехода. – Харьков: Харьковский национальный университет им. В. Н. Каразина, 2006. – 576 б.
7. Абдильдина Х. С., Кульжанова Ж.Т. Мемлекеттің тұрақты дамуындағы ұлттық бірегейліктің орны // Вестник КазНУ. – 2017. Т. 3, № 61. – 4-17 б.
8. Ручка А. А. Ценностный подход в системе социологического знания. – Киев, 1987 – 28 б.
9. Калинин А. Ю. Семейные ценности холостой молодежи (на примере исследования холостой молодежи пензенской области) // Вестник Тамбовского Университета – 2010. Т. 12. № 92. – 190-196 б.
10. Кошарная Г. Б., Рожкова Л. В. Ценности модерна в ориентациях современной студенческой молодежи // Известия высших учебных заведений – 2011. Т. 1. № 17. – 64-76 б.
11. Рожкова Л. В. Модернизационные ориентации и ценности студенческой молодежи // Социология образования – 2010. Т. 11. – 64-75 б.
12. Семенов В. Е. Ценностные ориентации современной молодежи // Социол. исслед. – 2007. № 4. – 37-43 б.
13. Вишневский Ю. Р., Шапко В. Т. Парадоксальный молодой человек // Социол. исслед. – 2006. № 6.
14. Федорова М. В. Религиозные ценности российской молодежи (по материалам исследования ценностных ориентаций молодежи нижегородской области) // V Забайкальские рождественские образовательные чтения «традиция и новации: культура, общество, личность» (региональный этап международных рождественских образовательных чтений), Чита, 2015. – 2016. – 81-82 б.
15. Кульжанова Ж.Т. Қазіргі жастардың адами және әлеуметтік капиталы // «Қазақ білім академиясының баяндамалары», Астана – 2016, №3 – 223-229 б.

Абдильдина Хорлан Садуакасовна

Лауазымы: философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Пошталық мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

Кульжанова Жулдизай Тимеркановна

Лауазымы: философия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Пошталық мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., e-mail: zhuldizay_68@mail.ru

Прагматизм және жастардың бәсекеге қабілеті

Абдильдина Хорлан Садуакасовна

Должность: кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Нур-Султан

Почтовый адрес: 010000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

Кульжанова Жулдизай Тимеркановна

Должность: кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Нур-Султан

Почтовый адрес: 010000, Республика Казахстан, г. Нур-Султан, e-mail: zhuldizay_68@mail.ru

Прагматизм и конкурентоспособность молодежи

Abdildina Khorlan Saduakasovna

Candidate of Philosophy, associate professor, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan

Postal address: 010000, Republic of Kazakhstan, Nur-sultan, e-mail: a.xorlan.78@mail.ru

Kulzhanova Zhuldizay Timerkanovna

Candidate of Philosophy, associate professor, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan

Postal address: 010000, Republic of Kazakhstan, Nur-sultan, e-mail: zhuldizay_68@mail.ru

Pragmatism and youth competitiveness